

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

2) танымдылық (гностикалық) әрекеттер, оған қабылдау, елестету және логикалық әрекеттер жатады;

3) тұлғааралық қатынастар әрекеттері: диагностикалық, әрекет-талап, партнерді ақпараттық басқару әрекеті;

4) күш салуға келісу бойынша әрекеттер [7] .

Мамандық таңдау адамның өзінің қабілеттілігі мен мүмкіншілігін бағалауға негізделген жеке талабының белгілі деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар, мамандық таңдау, өзінің кәсіби тағдырын анықтау субъектінің жоғары белсенділігін талап етеді, қалыптасқан саналы психикалық өзін-өзі реттеу деңгейіне, бақылау-бағалау аймағының даму деңгейіне байланысты болады.

Сонымен, өзінің кәсіби тағдырын анықтаудың ең маңызды факторларына мыналарды жатқызуға болады:

1) өзінің қасиеттерін адекватты бағалау қабілеті;

2) мамандық әлемін зерттей білу, кездейсоқ факторларға сүйенбей, мамандық туралы адекватты түсінік қалыптастыру қабілеті;

3) мамандық таңдау кезінде өзіне ең басты деректі бөліп алу қабілеті, яғни факторлардың индивидуалды иерархиясын, мамандық таңдау жағдайын барынша адекватты бағалау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аймауытов Ж. Психология. Алматы, 1995.
2. Борисова Е.М., Логинова Г.П. Индивидуальность и профессия. - М.: Знание , 1991.- 78 с.
3. Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения: учеб. пособие. - М.: Академия, 2004. - 304 с.
4. Зеер Э.Ф. Психология профессий. М.: Академический проект, 2008.
5. Маркова А.К. Психология профессионализма. – М., 1996.
6. Пряжников Н.С. Методы активизации профессионального и личностного самоопределения. – М.: МПСИ, 2002 г. - 400 с.
7. Климов Е.А. Психология профессионала. - М.,1996. – 260 с.

ӘОЖ 159.9 (075.8)

ТҰЛҒАНЫҢ БЕЙІМДЕЛУ ҚАСИЕТІ АДАМ ӨМІРІНІҢ МАҢЫЗДЫ БІР ЕРЕКШЕЛІГІ

Ещанов Темирлан Серкбаевич

e.timon_94@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті
«Психология» мамандығының магистранты , Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б. Байжұманова

Адамның бейімделу мәселесі әлеуметтану, психология, педагогика, медицина, биология және т.б. ғылымдардың теоретикалық және қолданбалы зерттеу бағыттарының бірі болды. «Адаптация» ұғымы (латыннан аударғанда adaptane – бейімделу, adaptacio – бейімделушілік мағынасын білдіреді).

Адаптация деп адамның жаңа ортаға енуін және оның жағдайларына бейімделуі үрдісін айтады. Адаптация ұнамды немесе ұнамсыз (стресс) нәтижеге әкелетін белсенді үрдіс. Бейімделушілік организм және психиканың барлық пайдалы өзгерістерінің жиынтығы. Табысты бейімделудің екі негізгі өлшемдерін бөледі: ішкі комфорт (эмоционалды қанағаттанушылық) және мінез-құлықтың сыртқы адекваттылығы (ортаның талаптарын оңай әрі нақты орындауға қабілеттілік)

Адаптация (**adaptation**) – бұл қоршаған ортаның өзгермелі жағдайлары мен талаптарына организмнің немесе тұлғаның жүйелі реакциясы [1].

Адаптация – бұл пәнаралық категория. Ол әр ғылымда әртүрлі тұжырымдалады. Қазіргі кезеңде аталмыш процесті философтар, әлеуметтанушылар, педагогтар, медициналық қызметкерлер зерттеуде, «әлеуметтік адаптация» категориясының статусы негізделіп, оның механизмдері зерттелуде, дегенмен де себебі әрбір ғылым адаптацияны өзінің спецификалық аспектісіне қарай қарастырып, өзінің ұғымдық аппаратын қолданады.

1. Биологияда адаптация – бұл организм құрылымдары мен қызметтерінің ортаның жаңа жағдайларына бейімделуі. Адаптация – бұл динамикалық үрдіс, ол арқылы организмнің шапшаң жүйелерінің ортаның өзгермелілігіне қарамастан ұрпақты дамуы мен өмір сүруіне қажетті тұрақтылықты сақтауы.

2. Медицинада адаптация мәселесі адам организмінің белгілі бір күйін – денсаулық және ауруды бейнелейтін норма, патология тәрізді ұғымдармен тығыз байланысты.

3. Демография адаптацияға ең алдымен халықтың көбеюінің тарихи типтерінің алмасуы тұрғысынан назар аударады. Демограф мамандардың айтуынша, демографиялық тепе-теңдіктің бұзылуы туу және өлім процестері арасындағы тепе-теңдік және қоғамда жүріп жатқан басқа да процестер мен өмірдегі өзгермелі жағдайларға бейімделу қажеттігі болып табылады.

4. Этнография әлем халықтарының құрамын, шығу тегін, орналасуын, материалды және рухани мәдениетін зерттей келе, этногенезде адаптация процесіне баса назар аударады. Этнографияда адаптация – бұл мінез-құлықта өзгерген стереотиптердің дағдылану жолымен этностардың орта (ландшафт) жағдайларына бейімделуі.

5. Философияда адаптация ұғымы сыртқы және ішкі орта жағдайларына бейімделу жүйелері процесі ретінде тұжырымдалады. Адаптацияны кейде ортаның кейбір факторларына бейімделу жүйесі деп атайды.

Э. Фромм бойынша адам ұнамсыз әлеуметтік құбылыстарға да бейімделе алады, мысалы, құлдық, фашизм, диктатура. Бірақ мұндай бейімделу тұлға ретіндегі адамға нұқсан келтіреді, оның «интеллектуалды және моральды қасиеттерінің» төмендеуіне, менталды және эмоционалды бұзылыстардың пайда болуына әкеледі. Э. Фромм пікірінше, адамның биологиялық-физиологиялық деңгейде бейімделуі жануарларға инстинктивті бейімделушілігінің төмендігімен ерекшеленеді, осының салдарынан адам бейімделудің басқа жолдарын іздеуге мәжбүрленеді. Сондықтан, адаптацияның биологиялық деңгейі адам үшін ортақ болып келеді. Ол организмнің ортаның тұрақты және өзгермелі жағдайларына (жылылық, атмосфералық қысым, ылғалдылық, жарық т.б.), сыртқы физикалық жағдайларға, сонымен қатар организмдегі өзгерістерге бейімделуден тұрады. Физиологиялық адаптация көрінісіне бірқатар психофизиологиялық реакция жатады. Адам өз іс-әрекетінің жемісі болып табылатын әртүрлі көмекші құралдарды қолдана алады (мысалы, жылы киім, баспана т.б.). Адамда кейбір биологиялық процестер мен күйлерді ерікті басқару қабілеті туындайды, бұл дееніміз оның адаптациялық мүмкіндіктерін кеңейтеді [2].

Адамның тағдыры көп жағдайда бейімделушілік деңгейімен, яғни кез келген жағдаятта барлық жағдайларға бейімделушіліктің туа біткен және жүре пайда болатын қабілеттіліктерімен анықталады. Орташа және төмен бейімделетін адамдар болады. Адаптивтіліктің туа біткен негіздері – бұл инстинкттер, темперамент, дене конституциясы, эмоция, интеллектінің және қабілеттің туа біткен нышандары, сыртқы келбеті мен организмнің физикалық күйі. Адаптивтілік деңгейі тәрбиелеу, оқыту және өмір салты жағдайлары ықпалымен жоғарылайды немесе төмендейді.

Тұлғаның адаптивтілігі (бейімделушілігі) келесідей болуы мүмкін:

- ішкі, адамның функционалды құрылымының, жүйесінің ортаның белгілі бір өзгерістері кезінде қайта құрылуы. Мұндай жағдайда мінез-құлықтың сыртқы формалары және тұлға іс-әрекеті ортаның талаптарына сай өзгереді. Тұлғаның маңызды, толық, жалпыланған бейімделуі жүреді;

- сыртқы, мінез-құлықтық, тұлға іштей өзгермейді, өзінің ішкі қалпын, өзінің дербестілігін сақтайды. Осылайша тұлғаның инструменталды бейімделуі жүреді;
- аралас, тұлға ортаға жартылай икемделеді, өзінің «Менін», дербестілігін сақтай отырып, жартылай инструменталды бейімделеді.

Адаптациялық процестерді зерттеу эмоционалды күштену және стресс туралы түсініктермен тығыз байланысты. Бұл стрессті организмнің қойылған талаптарға спецификалық емес реакциясы ретінде анықтауға және оны жалпы адаптациялық синдром ретінде қарастыруға негіз болды. Яғни, психологияда адаптация дегеніміз организмнің, тұлғаның, олардың жүйелерінің жекелеген әсерлер немесе біртұтас өмірдің өзгермелі жағдайлар сипатына бейімделу болып табылады [3].

Бейімделу механизмінің белгілі бір құрылымы бар, ол бірқатар деңгейлерден тұрады:

- психофизиологиялық адаптация;
- психологиялық адаптация;
- әлеуметтік адаптация.

Психофизиологиялық адаптация – бұл организмнің физиологиялық реакциясының жиынтығы. Бейімделудің бұл түрін психикалық және тұлғалық компоненттерден бөліп қарауға болмайды.

Психологиялық адаптация – бұл тұтастықты сақтауға және қоршаған ортаның әртүрлі жағдаяттарын дұрыс сезіну қабілеті.

Әлеуметтік адаптация – бұл тұлғаның әлеуметтік ортамен тиімді өзара әрекеттесуі.

Адаптация нәтижесін көрсету үшін тұлғаның немесе топтың «бейімделушілігі» ұғымы жиі қолданылады. Бейімделушілік субъектіге өзін әлеуметтік-мәдени ортада еркін, ашық сезінуіне, негізгі іс-әрекетке енуіне, тұлғаның ішкі дүниесінің рухани проблемаларына терең бойлауына, өзінің ішкі дүниесін әлеуметтік-мәдени өзара әрекеттесу формалары мен тәсілдері жолымен байытуға мүмкіндік беретін жай-күй болып табылады.

Тұлғаның жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайларға табысты әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің көрсеткіштері ретінде мыналарды бөлуге болады:

- жаңа ортамен қарым-қатынасқа қанағаттану;
- жағымды әлеуметтік (этникалық) иденттілік;
- «біздің» позитивті бейнесі және «олардың» позитивті бейнесі;
- топаралық толеранттылық.

Жеке тұлғалық деңгейде индивидтің табысты әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің көрсеткіштері ретінде мыналарды бөледі:

- өзін-өзі құрметтеу, өзін-өзі актуализациялау өажеттіліктерінің жандануы;
- өзін-өзі актуализациялау қажеттілігін жүзеге асырудың маңызды шарты ретіндегі кәсіби іс-әрекетке қанағаттану;
- өмірдің мәніне және өмірлік жағдаяттардың оптимистік бағасына қанағаттану;
- жоғары белсенділік, эмоционалды тұрақтылық, бақылаудың интерналды локусы (адамның өз іс-әрекетіне өзін жауапты санауы, жауапкершілікті өзге адамға артпау) [4].

Қорыта келгенде, өмір бойы барлық тірі ағза, соның ішінде адам үздіксіз – климатқа, қоректенуге, қоршаған адамдарға тіпті кәсіби зияндылықтарға және стресске икемделеді дедік. Яғни барлығы қоршаған ортамен үйлесімді болуға тырысады. Ортаның талабына біртіндеп бейімделеді. Сонымен отандық ғалымдардың Дружинин В.Н., Маклаков А.Г., Столяренко Л.Д., Ямбург Е.А., Бобнева М.И., Кучер Т.В., Караленко Ц.П. т.б. ғалымдар бейімделу түсінігіне берген анықтамаларын қорыта келсек былайша анықтама беруге болады. Сонымен бейімделу дегеніміз – тірі ағзаның қозғалмалы жүйесінің арқасында, жағдайдың өзгеруіне қарамастан өзінің өмір сүруіне, дамуына, ұрпағын жалғастыруға қажетті тұрақтылықты ұстайтын қозғалмалы процесс. Сондай-ақ осы бейімделу жоғарыда қарастырылып кеткендей психологиялық, биологиялық, физиологиялық, әлеуметтік деңгейлерде жүзеге асады.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Айрапетян С.Г. Возникновение, развитие и основные сферы использования понятия «адаптация». Ереван, 1984.
2. Балл Г.А. Понятие адаптации и его значение для психологии личности.// Вопросы психологии, № 1, 1989.
3. Витенберг Е.В. Социально-психологические факторы адаптации к социальным и культурным изменениям. СПб, 1994.
4. Кузнецов П.С. Адаптация как функция развития личности. Саратов, 1991.

УДК: 37.017(091) (574)

ИДЕАЛ КАЗАХСКОЙ ДЕВУШКИ: ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ

Жарасбек Н. С., Октябрытова Г. Р.

nurganym_zh@mail.ru

студентки 2 курса специальности «Социальная педагогика и самопознание»

Астана, Казахстан

Научный руководитель – Менлибекова Г. Ж.

Девушка- это зеркало, отражающее гордость и честь народа. Каждая юная девушка в будущем мать. В то же время она с ее материнскими чувствами не должна заикливаться в семейном кругу с его будничным бытом, а принимать активное участие в общественной жизни. Девушка должна уметь проявлять суровость и справедливость, смелость и силу воли. Девушка должна знать, когда проявлять сердитость, а когда доброту, нежность и кокетство, а зависит это от ее умения, от степени ее воспитанности. Доброта, нежность и красота девичьей души, умение чисто и безвозмездно любить воспеваются в народных эпосах и преданиях. Акыны и писатели в своих произведениях всегда проявляли уважение к девичьей красоте, целомудрию. В девушках ценили и старались воспитывать такие качества, как остроумие, рассудительность, душевная красота, доброта, справедливость и нежность. Казахская женщина во все времена была отражением всех качеств нации, народа. В понимании казахов, женщина в первую очередь верная жена и хранительница очага. Выбор спутника жизни, создание семейного союза являются особой сферой человеческих отношений и казахский народ придавал важное значение этому событию. Именно поэтому казахские жырау в своих произведениях мужчинам давали подробные советы о выборе будущей супруги. Они предлагают в первую очередь обратить внимание на характер женщины (по-казахски – «мінезді»). В казахской семье строго распределены обязанности жены и мужа. Мужчина – глава семейства, а женщина – его мудрая помощница, поддерживающая его своими советами в сложных жизненных перипетиях. Женщина с хорошим характером, «мінезді әйел», именно такая жена, которая понимает свое место в семье и обществе. Она – воспитанный, культурный, мудрый человек и старается лишний раз не вступать в мужские дела.

Казахская женщина такого типа воспитана в произведениях продолжателя традиций жырау, известного поэта Шал акына. Даже названия его творений – «О девушках», «Характеристика женщины», «Старик и девушка», «Две снохи» говорят сами за себя. Если задуматься о причине преобладания женских образов в его произведениях, то можно понять, что это неслучайно и закономерно. Казахский народ высоко ценил и уделял большое внимание воспитанию у девочек таких положительных качеств и требований, как деловые, коммуникативные (способность к общению), соблюдение личной гигиены. Они были одними из высоких показателей национального народного воспитания. Подтверждением этому являются результаты многих исторических исследований. Например, А.И.Левшин в своем труде «Характеристика земель Киргизо-кайсацкой орды» 1832г., особо отмечая любовь и уважение казахов к своим национальным традициям, качествам и достоинствам,